

# Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

0 июль Сәрсенбі

жеке саны 20 тыйын.  
Шығуына 33 жыл

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). «Союзгазотранстын» Семей тресінің коллективі жаңа астықты тасу әзірлігін аяқтады. Автомашиналардың бәрі жақсы жөнделіп, олардың қорыптары 35 сағатқа дейін биіктетілді, машина қорабының түбіндегі саңылаулар бітелді. Жанармай мен жағармайдың қоры жасалып, көшпелі жөндеу мастерскойлары, бензин тасыйтын машиналар әзірленді, автомашиналарда күндіз-түні қызмет ететін бригадалар құрылды. Машиналардың едәуір бөлегі шаруашылық есепке көшірілді.

Кәзір тресте 200-дей жүзмыншы шофер бар, бұл — өткен жылғыдан екі есе көп. Аяғөздегі бірінші авторотаның шофері Папконың машинасы кәзірдің өзінде 140 мың километр жол

жүрді. Папко жолдас машинаны жөндеу есебінен 40 мың сом қаржы үнемдеді. Үржар авторотасының шофері Әбдиев жолдас бұдан да жақсы табысқа жетті. Оның машинасы ешбір жөндеусіз 160 мың километрдей жол жүрді. Абдиевтің машинаны жөндеу есебінен үнемдеген қаржысы 50 мың сомнан асыды.


Жаңа астықты тасуға кіріскен шоферлер социалистік міндеттемелер алуда. Олар колхоз қырмандарынан астықты тоқтаусыз тасып, қабылдау пунктіне шапшаң жеткізуге, автомашиналардың жөндеусіз жүрісін арттыруға ұйғарды. Бүгін оңтүстік жақтан шапшаң келіп отырған шоферлер алғашқы сапарға шықты.

## Мамлют ауданының Мамлют аудандық Советінің председателдері Мамлют аудандық партия комитет-тары Ыбраев және Сәрсенбіні қосуға болады.

# Еділ—Дон каналының ашылуы жаңа жеңістерге жігерлендіреді

Мамлют ауданының Советінің председателдері Мамлют аудандық партия комитет-тары Ыбраев және Сәрсенбіні қосуға болады.

Мамлют аудандық Советінің председателдері Мамлют аудандық партия комитет-тары Ыбраев және Сәрсенбіні қосуға болады. Мамлют аудандық партия комитет-тары Ыбраев және Сәрсенбіні қосуға болады.



### Петропавлдықтардың тартуы

В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының ашылуы күнін петропавлдықтар зор өрлеу үстінде партиямыз бен үкметімізге, совет халқының барлық жеңістерінің ұйымдастырушысы және дем берушісі, кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа деген шексіз сүйіспеншілік сезімімен қарсы алды.

Қаладағы ірі кәсіпорындарының бірі — электр өнеркәсібі Министрлігі зауытының коллективі үшін бұл күн—үлкен мереке күні болды. Аталған кәсіпорының коллективі үстеміздегі жылы коммунизм құрылыстарының тұңғышы — Еділ—Дон каналы үшін оңдаған заказдарды орындады. Ол заказдардың барлығы да мерзімінен бұрын, мейлінше жоғары сапалы орындалғандығын да айта кетуіміз керек. Сол сияқты, завод коллективі заманымыздың басқа да ұлы құрылыстарына арнап, құрметті заказдар орындауда. Еділ—Дон каналының ашылуы қарсаңындағы күндерде бұл кәсіпорны Сталинград су электр станциясы үшін арнаулы заказ бойынша дайындалған өнімдерді жөнелтті.

Коллективтік стахановтық еңбек ету үшін қажырлылықпен күрес жүргізуші—

халқының дүниежүзілік-тарихи мерекесі құрметіндегі стахановтық бахтаны ойдағыдай алға апаруда. Бұл сайын Омек магистраліндегі ірі темір жол торабы болып табылатын Петропавл станциясы арқылы коммунизмнің ұлы құрылыстарына арналған мыңдаған тонна жүктер өтеді. Бұл жүктерді «жасыл көше» арқылы графикте көрсетілген мерзімнен бұрын, тағайындалған жерге жеткізіп отыруды қамтамасыз ету петропавлдықтардың дәстүрлі ісі.

Транспортшылар, әсіресе, Еділ—Дон каналының ашылуы күні еселеген қарқынмен жұмыс істеді. Бесжүзші машинист Рожков жолдас бұл күні тамаша сапар жасады. Ол салмақтық нормадан екі есе артық составты участоктен мерзімінен бір сағат бұрын алып өтті. Сол сияқты таңдаулы машинистер Кочетков және Мозгвой жолдастар да біржарым сағаттан ұзығыт үнемдеді.

Қала кәсіпорнындағы әрбір жұмысшы бүкілхалықтық салтанатты мереке—жаңа су жолының ашылу күніне лайықты тартулар әзірледі. Бұл күні вагон деносының атақты токарі Иван Печорин біржарым жылдық тапсырманы орындап шықты.



Петропавл вагон участогіндегі автоматтық бақылау пунктіннің слесарі М. Лесин Еділ—Дон каналының ашылуы күні өнімде ешбір ақауға жол бермеумен қарсы алды.

Мамлют аудандық Советінің председателдері Мамлют аудандық партия комитет-тары Ыбраев және Сәрсенбіні қосуға болады.

Еділ—Дон кеме қатынасы каналының ашылуы құрметіне Приешім МТС-нің слесарі Н. Фролов жолдас бөлшектерді өңдеу нормасын екі есе артығымен орындап

көпшілігі соңғы кезде саяси баяндамашыларды тыңдаудан тыс қалып отыр деген сөз. Ал, Соколов, Приешім, Мамлют аудандарында быйыл оқылған саяси баяндамалардың саны жоқтың қасы.

Атап айту қажет. Кейбір басшы партия, совет қызметкерлері еңбекшілер бұқарасын саяси тәрбиелеу жөніндегі өздерінің тікелей міндеттерін ұмытып, саяси баяндамалар жасаудан мүлдем қол үзіп жүр. Мұндай басшылардың қатарына осы жылдың өткен алты айында бірде-бір баяндама жасамаған, облыстық жоспарлау бөлімінің председатели Кушнир, Петропавл темір жол бөлімінің бастығы Еремия,

## Шөл далаға шабуыл

**ШАЛҚАР.** (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ). Шалқар қаласының айналасы біркелкі жұсан өскен құмдақ дала. Даланың оңтүстік тегі бұйрат-бұйрат Үлкенборсық құмына барып ұласады. Аңызға қараса құм көшін егін мен шөптерді көміп, қала көшпелерін құйындатып кетеді. Бұл арада жері құнарсыз, жазы-ыстық, құрғақ, қысы—қарсыз, суық болады, жауын-шашын тым сирек жауады.

...Шалқардың батыс жағында Шалқар көлінің жағасына Бүкілодақтық өсімдік институтының Арал бойындағы тәжірибе станциясының Құлжұр тәжірибе участогі орналасқан. Бұл жерде ағаш жапырақтары сыбырлап егін, бақша дақылдары жайқалып тұр. Тәжірибе участогінде 100 гектардан астам суарылмайтын және 25 гектар суарылатын жер бар. Станцияның директоры ауылшаруашылық ғылымдардың кандидаты, Сталиндік сыйлықтың лауреаты П. А. Балюгин мен ғылыми қызметкерлер, ғылым кандидаттары Сталиндік сыйлықтың лауреаты А. И. Миловзоровтың және овощь өсіру бөлімінің меңгерушісі Н. Х. Трофимецтің басшылығымен бұл жерде дөңді, малазықтық, овощь, бақша және техникалық дақылдардың жеміс және декорация ағаштары мен бұталардың 8 мыңнан астам түрінің қуаңшылық-

қажетін өдеуіне құралдарының тізімдерін жасау, көрмелер ұйымдастыру, жақсы тәжірибелерді жыйнақтап, тарату арқылы баяндамашыларға көмектесуі қажет.

Партия, совет ұйымдары саяси баяндамалар қойылған жыйналыстарда жұмысшылар мен колхозшылардың айтқан пайдалы ұсыныстары мен орынды талаптарын мұқият есепке алып, оларды деру жүзеге асыратын болсын.

Еңбекшілер бұқарасы арасындағы саяси баяндамаларды кеңінен ұйымдастырып, оның әсерлі күшін саяси шаруашылық міндеттерді кезінде ойдағыдай шешу мақсатына пайдаланайық!

қа, ыстыққа, суыққа төзімділігі және сортаң топыраққа шыдамдылығы сыналуда.

Дөңді дақылдар мен шөп егістерінің араларына егінді қорғайтын алқаптар жа салған. Жаңадан өсірілген Тамарикс бұтасы қар тоқтату және жазғы аңызқарда егінді қорғау үшін жақсы құрал болып келеді. Кәзір бұл жерде өнім жыйнау басталды. Арпа орылып болды, жаздық бидайдың ерте пісетін сорттары жыйналу да, көпжылдық шөптердің бірінші кезегін шабу аяқталды. Көктемде жауын-шашынның аз болуына қарамастан суарылмайтын жерлердегі дөңді дақылдардың әр гектарынан 6-8 центнерден өнім алынды, көпжылдық шөптердің әр гектарынан 10-12 центнерден пішен шабылуда.

Әресе, суармалы жер көз тартады. Арықтарды жағалай терек, қарағаш, жиде егілген шөлейт даланың суармалы жері мол өнім беруде.

Үлкен Борсық құмында станцияның Чижевник және Лайгак деген 2 тәжірибе участогі орналасқан. Бұл жерде шағыл құмдарында траншея ішіне овощь және бау егу әдісі қолданылуда, 300 траншеяда ешқандай сусыз, жер астындағы суды пайдаланып, картоп, овощь және бақша дақылдары: алма, қарақат жақсы өсіп, мол өнім беруде.

Павел Сахаруш жолдас барлық поезддардың өз участогінен неғұрлым жылдам өтуіне жетісуде. Поезд және паровоз бригадаларымен шарт жасаса отырып, ол барлық составтардың жол-жөнекей ешбір тоқтамауын қамтамасыз етеді.

Сахаруш жолдас өз кезегінде графигтің бұзылуына ешбір жол бермейді. Озат диспетчер Еділ—Донға осындай тартулар тартуда.

Ерекше атап айта кету қажет, заводтың механикалық цехының жастары москвалық автомобиль жасаушылардың үлгісі бойынша үстіміздегі жылы металл ысырабына жол бермей, мыңдаған сом мемлекет қаржысын үнемдеуге міндеттенген болатын. Соңғы қорытындыларға қарағанда, жастардың бұл міндеттемені өдеуі артық орындауға жетіскендігін көреміз.

Кәзір заводта 300-ден аса двигатель жасауға жететін мөлшерде металл үнемделген. Рас, мұндай табысқа жетуде жалғыз

сөбепті ралар тейді. Дви нің а немен Еділ— ашылу бұдан игілігі береді.

## Қыстың қамын жаз ойла

Еліміз тарихи күндерді бастан өткізуде. Большевиктік партия мен совет үеметі бастаған совет халқы бұл күндерде Отанымыздың экономикалық күш-қуатын арттыра беру жолында бұрынғыдан да зор жаңа табыстарға ие болуда. Коммунизмнің ұлы құрылыстарының тұңғышы —В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон көме қатынасы каналы ашылып, іске қосылды. Бұл ұлы құрылыстың ашылуы сыяқты зор жеңіспен жігерленген совет адамдарымен бірге облысымыздың еңбекшілері де еңбек өрлеуін арттыра түсуде.

Әресе, облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына қойған ең негізгі міндеті—Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерді аброймен орындап шығу. Алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздар мен МТС-тердің колхозшылары, механизаторлары мен жұмысшылары бұл міндеттерін жүзеге асыруда кәзірдің өзінде күрделі табыстарға ие болды.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің көсемге жазған хатта алған міндеттемелерінің ең негізгілерінің бірі —колхоз, совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендете түсумен бірге, оның өнімділігін де арттыру. Сөз жоқ, алдыңғы қатарлы шаруашылықтарда бұл міндеттемені орындауда да өдеуі табыстарға қол жетті.

Алдыңғы қатарлы колхоздардың кол-

хозшылары, совхоздар мен МТС-тердің қызметкерлері өздерінің бұл міндеттемесінің—қоғамдық мал шаруашылығын бұрынғыдан да өркендетумен бірге, оның өнімділігін арттыра түсу жөніндегі міндеттемесінің аброймен орындалуы, ең алдымен, қоғамдық мал үшін қысқа жеткілікті жемшөп қорын мол әзірлеуге байланысты екендігін жете түсініп, пішен шабу мен жемшөп дайындауды ойдағыдай жүргізуде. Ондай колхоз, совхоздар барлық күш-мүмкіншілікті пішен жыйнау, маялау, сүрлеу және қыстаулар жанына тасу жұмыстарына жұмылдыруда. Сөйтіп, пішен дайындау жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде. Мұндай шаруашылықтардың қатарына Совет совхозын, Ленин ауданындағы «Советский», «Қазақстанның 30 жылдығы», Совет ауданындағы Каганович атындағы колхоздарды қосуға болады.

Алайда, жемшөп дайындауды ойдағыдай ұйымдастырып отырған мұндай алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздар облысымызда онша көп еместігін атап айтуымыз керек. Облыс колхоз, совхоздарында жалпы алғанда пішен жыйнау, маялау және сүрлеу жұмыстарының барысы мүлдем қанағаттанғысыз болып отыр. Бұл күнге дейін Октябрь ауданында жемшөп дайындау жоспарының 20 проценттен аз-ақ артық, Соколов ауданында 30 проценті ғана орындалып отыруы бұл пікірімізді толық дәлелдейді. Облысымыздың

басқа дайы төмен облыс шөп центрі Об. дайы болып жыйна онша облыс дайылықты қы м жаса рек

Ең не ш маши тісу шысы тапсы сайып қамтамасыз шөп тап шабу, қалы Ко. торла

А Ы С Ы

**Партия конференциясы**

Партия конференциясының маңызына салынады. Сын мен өзара сынға қысым жасайды.

— Партия жыйналысы, — деді делегат Цимбал жолдас, — большевиктік тәрбие мектебі екені мәлім. Алайда, көп жерлерінде партия жыйналыстары әзірліксіз өтеді. Онда талқыланған мәселелер үстірт қаралады. Аудандық партия комитеті қызметкерлерінің өздері қатысқан партия жыйналыстарының үстірт өтуі таңқаларлық іс. Біз жақында мынандай фактінің куәсі болдық: Сталин атындағы колхоз партия ұйымының жыйналысында артель Уставын қатаң сақтау туралы мәселе талқыланды. Осы жыйналысқа қатыссып отырған аудандық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі Сухомлинова жолдас колхоз құрылысының жауы болған адамның аудандық конференцияға делегат болып сайлануына жол берді. Бұл қателікті түзеу үшін аудандық партия комитеті бюросының араласуы қажет болды.

Конференция делегаты Донской жолдас аудандық партия комитетінің колхоздар мен совхоздың жайын жете білмейтінігіне тоқталды. — Калинин атындағы колхоз партия ұйымы, — деді ол, — колхозшы шаруалар арасында ешқандай саяси-бүқаралық жұмыс жүргізбейді. Бұл колхоз қандай болсын шаруашылық жұмыстарға үнемі кейін қалып келеді. Алайда, аудандық партия комитетінің секретары Сәрсенбаев жолдас өзінің есепті баяндамасында аталған партия ұйымын әлі жеткенше мадақтап бақты. Мұны партия ұйымының жұмысын жете білмегендік деп бағалаудан басқа шікір болмауға тиіс.

Делегаттар Әубәкіров және Вашутна

**Көркемөнер дарындылары**

А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының көркемөнер дарындыларының үйірмесі құрылғанына 20 жылдан астам уақыт өтті. Ол кезде құрамында санаулы ғана адамы бар үйірме соңғы жылдар ішінде өсіп, нығайды. Партия, комсомол ұйымдары мен завод комитетінің көмегімен көркемөнершілер үйірмесінің жұмысы жақсара түсті. Үйірме мүшелерінің ойын қойып жаттығуына мүмкіншіліктер жаасалды. Қомбинат дирекциясы завод коллективі мен көркемөнершілер үйірмесіне арнап үлкен, кең фойесы, асфальттанған би алаңы бар тамаша клуб салып берді.

Көркемөнершілер үйірмесінде кәзір 127 адамға жуық мүше бар. Үйірме мүшелерінің барлығы да ет-консерві комбинатында жұмыстың әр саласында істейтін жұмысшы, қызметкерлер. Мәселен, әнші Р. Омарова — консерві жасау цехында өлшеуші. Ол күнделікті жұмыс нормасын үнемі асыра орындаумен бірге, қоғам жұмысына да белсене қатысады. Сол сияқты, жәшік жасау цехында бригадир болып қызмет істейтін Фирюлов, литограф цехында граверщик болып істейтін К. Калинин және басқа да үйірме мүшелері коллективтің таңдаулы адамдарының бірінен саналады.

Көркемөнер дарындылары түскі үзіліс кезінде жұмысшыларды мәдениетті қамту мақсатында оларға үнемі концерттер беріп отырады. Сонымен бірге, алдын-ала жасалған жоспар бойынша үйірме мүшелері өздерінің қамқорлығына алған Совет ауданындағы «Көктерек» колхозы колхозшылары мен Шаховской және Белое совхоздарының еңбекшілерін мәдениетті қамтып отырады.

Осы жылдың өткен алты айы ішінде комбинат көркемөнершілері қала еңбекшілері мен қамқорлыққа алған колхоз,

**Кореядағы оқыйғалар**

**Халық армиясы бас командованиясінің хабары**

ПХЕҢЬЯН, 28 июль. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Халық армиясы құрамаларының қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, американағылшын интервенттері мен лисынманшы әскерлердің атақаларын тойтарып тастауда болғандығын және оларды адам күші

мен техника жағынан шығындарға ұшыратқандығын хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атушылар Корей Халық-Демократиялық Республикасының тылдағы аудандарына шабуыл жасаған душпанның 4 самолетін атып түсірді және 5 самолетін зияндады.

**Француз сотының жүгенсіздігі**

**ТЕРГЕУ ПАЛАТАСЫ ЖАК ДЮКЛОГА ҚОЙЫН ДӘПТЕРДІ ҚАЙТАРУДАН БАСТАРТТЫ**

ПАРИЖ, 28 июль. (СОТА). Газеттер 23 июльде Париж шағым сотының тергеу палатасы Жак Дюклоға қойын дәптерін қайтарудан бастартқандығын хабарлады. Ол дәптер 28 майдан 29 майға қараған түнде Париждың оныншы округындағы полицияның комиссариатында ұрланған болатын.

«Юманите» газеті Жак Дюклоға оның қойын дәптерін қайтарып бермеу, Дюклоға қарсы қойылған айыптаулардың дәлел-

сіз деп танылып отырған жағдайына «үкметтің өзі ұсынған «қастандық» деп аталатынды қолдау үшін не қажеттің барлығын істзуге тырысып отырғандығын дәлелдейді» деп жазады.

Егер, үкмет және тергеуші Жакино, — деп жазады онан әрі газет, — бұл қойын дәптерін әлі күнге сақтағысы келетін болса, онда олардың дәптерде жазылғанның барлығын бұрмалауға әрекеттенгені болып табылады.

**Египеттегі оқыйғалар жайында**

**ЕГИПЕТТЕГІ ТӨҢКЕРІС ЖӨНІНДЕ АМЕРИКАН БАСПАСӨЗІНІҢ ЖАЗУЫ**

НЬЮ-ЙОРҚ, 28 июль. (СОТА). Америкн баспасөзі Египетте жасалған мемлекеттік төңкерістерге өзінің қанағаттанатындығын жасыра алмайды.

«Нью-Йорк таймс» газеті Египеттегі мемлекеттік төңкеріс «жақсы мақсатқа

қызмет етуі мүмкін» деп жаза келіп, Египетте шетелдіктерге қарсы бағытталған «ұлтшылдық» әрекеттер белгілерінің мүлдем жоқтығына қанағаттанғандық білдірді.

**Египеттегі жағдай**

БЕРУТ, 28 июль. (СОТА). Египет баспасөзінің және радиосының хабарына қарағанда, Египет үкметі Ахмет Фуад Екіншісі (бұрынғы король Фаруктің жеті айлық баласы) «Египет пен Суданның королі» деп жариялаған.

БЕЙРУТ, 28 июль. (СОТА). Бейрут радиосының хабарына қарағанда, ағылшын соғыс командованиясі Мальт және Кипр аралдарындағы теңіздік және құрлықтақ күштерді Суэц каналы аймағына ауыстырған.

# МОНОПОЛИЯ ДЕГЕН НЕ?

Монополия грек сөзі. Монополия дегеніміз — өндірісте не болмаса саудада бір адамның, не белгілі бір топ адамдардың ерекше үстемдік жасауы. Капитализмнің жоғарғы сатысы—империализм дәуірінде капиталистер ірі монополистік одақтарға бірігеді. Монополистік одақтар әртүрлі болады. Оның концерно, трест, синдикат, картельдер сияқты тағы басқа да түрлері болады. Ірі монополистік одақтар белгілі өндіріс саласын, не болмаса бірнеше өндіріс тарауларын түгел қамтып, оның шығын-ықпалына түгел бағындыра тырысады. Мұндағы монополистердің мақсаты— еңбекшілер бұқарасын аяусыз панау жолымен өлшеусіз көп пайда табу.

Империализм дәуірінде капитал мен өндірістің шоғырлануының (концентрациялануы) жоғарғы дәрежесіне жетіп, монополиялар туады, олар енді капиталистік жердің экономикасында шешуші роль қаратып болады. Сонымен бірге, банк капиталы мен өндіріс капиталы тұтасып, бірігіп, осы негізде финансе капиталы туады. Финансе капиталы империалистік елдерде елеулі күш болып табылады, олар елдің экономикасы мен саясатын өзінің мүддесіне байланыстыра бағыттап отырады. Финансе капиталы өз елінің ғана қызығына емес, басқа елдерге де қожак жасаудан тайынбайды. Егер империализм дәуіріне дейін капиталистік елдер сыртқа, басқа елдерге товар шығарып отырағын болса, енді олар басқа елдерге товар емес, капитал шығарып, экономика жағынан артта қалған елдерді баурауға есеулен күшейте түседі. Бұлардан қорқай, халықаралық монополистік одақтар құрылып, олар өздерінің товарларын сату

«Ленин туы» газетінің оқушысы — Петропавл қаласындағы шағын двигательдер зауыдының үлгі кәушысы Досан Мұқанов жолдас: «Монополия дегеніміз не және монополистер деп кімдер аталады?» деген сұраққа жауап беруді өтінді.

Төменде Д. Мұқанов жолдасының сұрағына жауап береміз.

үшін дүние жүзіндегі рыноктерді өзара бөледі, не сыртқа капитал шығарып, оны қалай орналастыру туралы келісімге келеді. Сөйтіп, халықаралық картельдер дүние жүзі рыноктерімен шикізат қорын бөлісіп пайдалану жөнінде келіскен болады. Бірақ, бұл келісімдер тұрақсыз келеді, олар ұзаққа бармай ыдырай отырады.

Империалистік жыртықтар дүние жүзін қайта бөлу үшін жанталаса соғыс әзірлейді. Міне, империализм дәуірінде басқаның жерін басып алу үшін үздіксіз соғыс болып тұратындығы осыдан.

Монополистік одақтар капиталистік елдердің экономикасында және саяси өмірінде шешуші күш болып табылады. Кәзір Американың экономикасында негізгі сегіз финансе тобы үстем болып отыр. Бұлар елдің 250-ден аса ірі финансе және өнеркәсіп корпорацияларынан 120 корпорацияны бақылайды. Олардың жалпы капиталы 120,5 миллиард доллар болған. Осы ірі монополистердің ішінде ең күштісі—Морганның Уэлл-стритте үстем болып отырған банктер тобы. Бұл финансе күшінің негізі болып отырған екі күшті банк. Морганның бұл тобының былтырғы жылы Америкада басылып шыққан «Бүгінгі монополиялар» деген кітаптың жазуына, жалпы капиталы 55 миллиард доллардан артық, 50-

ден астам өте ірі корпорациялар мен компанияларды бақылайды. АҚШ-та рокфеллерлер тобының арқауы — өндіріс. Ол мұнай өндірісі корпорацияларын бақылайды. Рокфеллердің байлығы 26,7 миллиард доллар болып отыр. Миллиондар тобы өнеркәсіп «меншіктерінің» «үш алыбы» деп аталатын, АҚШ-тың алюминий алыбына, бір миллиард доллар капиталы бар «Галф ойл» мұнай компаниясына, «Койптес компания» мыс монополиясына қожалық етеді.

Міне, көріп отырсыз, осындай ірі-ірі монополияны меңгеріп отырған ат төбелідей азғана билеп-төстетуші адамдар империалистік мемлекеттерде, атап айтқанда, АҚШ-та елдің экономикасы мен саяси өмірінің тағдырына не болып отыр. Мынадай бір фактіні атап өтуге тура келеді. АҚШ халқының ірі монополия иелері, яғни американың халқының бір-ақ проценті елдің байлығының 59 процентіне ие болып отыр, ал, 87 процент немесе халықтың көпшілігі тек елдің байлығының 8-ақ процентін ғана пайдаланып отыр. АҚШ-та Морган, Рокфеллер, Дюпон, Милон сияқты ірі монополистер аса ірі күш болып саналады. Олар Құрама Штаттарының тағдырын өз қолдарына алып, енді оны немесе тұтнай дүние жүзінің билігіне жарма суды арман етіп, әрекет жасауда. 1951 жылы октябрь айының аяғында АҚШ-та ірі-ірі монополиялық одақтар өкілдерінің қатынасуымен өндіріс иелерінің 38-ші съезі болып өтті. Осы съездің қабылдаған қарарында американың өкметінің сыртқы экономикалық саясаты басқа елдердің шикізат қорын, рынокті агрессивтік жолмен басып алу мақсатында жүргізілсін деп ашықтан-ашық жазылған. Бұлай болуы

да түсінікті нәрсе. Өйткені, Сталин жолдас көрсеткендей, капитализм жағдайында буржуазиялық өкметті халық сайламайды, оны Моргандар, Рокфеллерлер, Рокфеллерлер мен Стинесалар тағайындайды.

Буржуазиялық өкметтер ірі-ірі монополистердің айтқанын орындайтын және солардың мүддесін қорғайтын капиталистер мәселесі жөніндегі мемлекеттік комитет болып табылады.

Америка Құрама Штаттарында монополиялар мемлекеттік аппаратты иемденеді. Жоғарыда көрсетілген ірі монополистер, басқа да ірі бірлестіктер өз адамдарын мемлекеттік аппараттың аса маңызды тұтқалы орындарына қояды, ал, олар елдің экономикасын миллиарддерлердің мүддесіне түгелдей бағындырады.

Осы сияқты, агрессивтік күштер Америкада, Англияда және басқа империалистік мемлекеттерде кәзір соғысты аңсап, соғысқа жанталаса дайындалуда. Олар соғысты аса зор пайда түсірудің көзі деп біледі. Шынында да солай. Монополистер екінші дүниежүзілік соғыста адам баласының төгілген қаны есебінен көп олжа тапты, олардың қалталарына 107 миллиард доллар пайда түсті, ал, соғыстан кейін өндірістерін соғыс мүддесіне түгелдей бағындырып, қару-жарақты көптеп шығаруда. Адам қаны телегей-теңіз төгіліп, еңбіректер атылып жатса ғана, Американың экономикасы «жанданып», монополистердің пайдасы еселене түседі. Міне, сондықтан да олар соғысты аңсап, оған жанталаса дайындалуда.

Кореяда бір жыл соғыстың ішінде американың монополистері 23 миллиард доллар пайда тапты. Сонда да бұл жеңілеттер Кореядағы соғысты 10-ақ процент пайда көлтіретін соғыс деп атап, үлкен соғысқа дайындалуда. Дегенмен, кейбір монополистер кәзірдің өзінде-ақ, егер, Кореядағы соғыс тоқталып қалса, Америка экономи-

касының халі мүшкіл болып жүр.

Монополистік одақтар елдердегі еңбекші халықты өндірістің соғыс мүдделуы, қару-жарақтың көп еңбекшілердің әл-ауқатын салып отыр, салықтар өндар саны үздіксіз көбеюде ды өзінде әрбір американың әрбір доллар табыс центрін салыққа төлейді. Еңбекшілердің нақты жалақы деуде, ал, жұмыссыздардың сайын қайыршылыққа ду

Монополистер өз елінің ғана қанын сүліктей сор олар отар елдер мен төуші халықтарын да шексіз жүйлік екінші соғыстан да Америка монополиялар жағынан кенже қалған елдердан тапқан пайдасының өллард доллар болып отыр. Жоғарыда айтып өтті монополиялар еңбекші бүкүшейте отырып, жаңа еса әзірленуде.

Бірақ, монополиялар үстем империализм лагері сыртқы қайшылықтарға а капитализм системасының қысы барған сайын асқып Шикізат көздері, товар ө капитал өткізу алыптары шейген сайын, империализмлықтары да ұлғая бермек қараның соғысқа қарсылы төуелді елдерде ұлт-азаттының күшеюі капитализм құлдырап бара жатқандығы ел болып отыр.

ҚН(Б)П обкомінің лектор

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілім